



# Ақмешіт

10 ақпан  
сенбі

№12 (2022)

2024 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Бұл – жанадан құрылған мекеме атауы. Мұндағы мақсат қандай? Олар немен айналысады? Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімі Серік Қожаниязовтың төрағалығымен шаһарды көркейтуге, көгалдандыруға байланысты жиын өтті.

### ҮКІМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫНА СЕРПІН ҚАЖЕТ

Осы аптада ел билігінде ауыс-түйіс болды. Нақтырақ айтсақ, Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың орнына Олжас Бектенов тағайындалды. Одан бөлек бірнеше министрлікке жаңа басшы келді. Ескі үкіметті отставкаға жіберген Президент жаңа Премьер-министрге нақты тапсырмалар жүктелді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Ақорданың баспасөз қызметінің хабарлауынша, жиында Премьер-министр, Президент әкімшілігінің басшысы, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.



Қазақстан Президенті жиында өткен жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңнің басты міндеттері айқындалатынын атап өтті.  
– Жалпы өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат баршаныңа белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізіміз

керек. Яғни нақты жеңіс бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек, – деді Президент.

2-БЕТТЕ

### «ЖАСЫЛ ҚЫЗЫЛОРДА» НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ?



Енді қаланың көркейту және көгалдандыру жұмыстарын үйлестіру үшін «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мекеметтік мекемесі жұмыс істейді. Осы жұмыстарды ұтымды үйлестіру мақсатында көгалдандыру, топырақ құрамын зерттеу, өсімдіктерді емдеу, зиянкестермен күресу тәсілдері бойынша тәжірибе алмасу үшін Жазкен Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ және Әлихан Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ҒЗИ мамандары шақырылды.  
– Олар «Жасыл Қызылорданың» қызметкерлерімен тал егу, суландыру бойынша тәжірибе алмасады. Яғни алдағы уақытта облыс орталығын көгалдандыру жұмыстары ғылыми тұрғыда негізделіп, жоспары жасалып, ауқымды жобалар жүзеге асады. Арнайы келген мамандар қаланың бірқатар аумақтарын аралап, талдарға жасалуы тиіс күтімдер бойынша зерделеу жүргізді, – деді қала әкімі.  
Мекемеге осы жылға жергілікті бюджеттен 585,7 млн теңге қаралды. Оның ішінде гүл, ағаш көшеті, тыңайтқыш пен құрал-жабдықтар алуға қаражат бөлініп, осы кезде мемлекеттік сатып алу конкурстары жүргізілуде.

2-БЕТТЕ



### «ҚАЙСАР» КЛУБЫ САТЫЛА МА?

51%

Жақында қызылордалықтардың намысын қорғап жүрген «Қайсар» клубы сатылымға шықты. Құрама сан түрлі сынақты артқа тастағанымен соңғы жылдары қаржылық мәселе болғаны рас.

Жалпы жыл сайын сырбойлық клубта мәселе осыдан туындайтын. Қалтаның жұқалығы ойыншыларға кері әсер етіп, шектеу басталды. Клуб берешегінен құтылмаса шектеудің алынбайтыны да анық. Клуб директоры Садық Мұстафаев та мұны жасырмайды. Себебі лайықты жалақыны қамтамасыз ете алмағасын мүмкіндік қолдан суып жатыр.

4-БЕТТЕ



### ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ САНЫ АРТАДЫ

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 12300 орындық 21 мектеп салынады. Өткен жылы 10 мектептің іргетасы қалана, биыл 11 мектептің құрылысын бастау жоспарлануда. Бұл ретте облыстағы 6 апатты мектептің 4-нің мәселесі жоба аясында шешімін тапса, қалған 2 мектеп «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» мен жеке инвестор есебінен шешіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов хабарлады.  
– Жарқын болашақтың кепілі саналатын балаларымызға сапалы білім беру – күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі. Осы ретте аймағымызда мектепке дейінгі білім беруде 680 ұйым жасакталған болса, онда 57 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Бұл білім беру ұйымдарында 6160 педагог жұмыс істейді. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, облыс бойынша педагогикалық шеберлік орталығы филиалының базасында 120 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері ақысыз құрстардан өтті. Биыл да педагогикалық шеберлік орталығы тарапынан оқытатын барлық курсқа бірінші кезекте жекеменшік ұйым мұғалімдері жіберіледі, – деді басқарма басшысы.

Облыста барлығы 328 мектеп жүйелі жұмыс істеуде. Оның 297-і мемлекеттік болса, қалған 31-і жекеменшік мектеп. Мұнда барлығы 181 804 оқушы білім алады. Осы ретте оқушылардың сапалы білім алуы үшін білім ордалары заманауи талапқа сай жабдықталуы аса маңызды. Бұл бағытта биыл қуны 2,8 млрд теңгені құрайтын 7 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Оның алтауы Қызылорда қаласында болса, біреуі Жанақорған ауданында.  
– Бүгінде қаланың сол жағалауынан 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Бұған қоса, «ҚазГЕРмұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен 350 орындық заманауи бағыттағы Оқушылар сарайының құрылысы да салынауда. Биыл шығармашылық академиясының құрылысын бастауды жоспарлаудамыз. Сонымен қатар Жанақорған және Шиелі кенттерінен 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі құрылысына сметалық құжаттар әзірленуде. Биыл құрылыс жұмыстары басталып, 2025 жылы халық игілігіне беріледі. Бұдан бөлек, Шиелі ауданы Бәйгекүм ауылынан 200 орындық тынығу лагері, Қазалы ауданында «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығының аумағынан 160 балаға арналған жатын ғимараты, оқу ғимараты және бу қазандығы құрылысының жобалары әзірленеді, – деді басқарма басшысы.

Асқан БАХЫТБЕК,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің студенті

### МҮЛІК ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАНУҒА ТИІС

Осы аптаның сейсенбісінде қалалық мәслихаттың коммуналдық шаруашылығы және қала инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Тұрғындарды сапалы және үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету маңызды мәселе. Қордаланған мәселені шешу бойынша қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңіс Файзуллаев хабарлама жасап, сауалдарға жауаптар берді.

– Қала көлемінде 826 көше бар. Оның 165-і түнгі жарық шамдармен қамтылған. Осы көрсеткішті жақсарту мақсатында 52-і көшеге түнгі жарық шамдарды орнату үшін жоба әзірленді. Жоба құны 1,3 млрд теңгені құрайды. Қала аумағында 35 көшеге жарық бағанасын орнату үшін жоба сараптамадан өтуде. Сондай-ақ қалалық бюджеттен жарық шамдарды күтіп ұстау мақсатында 175 млн теңге қаржы бөлінді, – деді бөлім басшысы.

Комиссия отырысына дейін депутаттар сала мамандарымен бірге, бірқатар жанадан салынған, күрделі жөндеуден және биыл жаңартылатын электр желілері мен қосалқы станциялардың жай-күйімен танысты. Қазіргі таңда қала аумағында электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 66%-ды, оның ішінде әуе желістерінің тозуы 59%, қосалқы станциялардың тозуы 72% құрайды. Оған қоса адамдардың өздері тартып алған жарық желілерінің де жарамсыздығы өзекті болуда. Осы қордаланған мәселелерді шешу мақсатында, облыс әкімі өткен жылы Қызылорда қаласының бірінші кезекте жөндеуді қажет ететін электр жүйелерін жөндеуге облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңге қаржы бөлсе, биылғы жылға 1,5 млрд теңге қаралуда.

2-БЕТТЕ







